

## **ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ДОСТЫҒЫ**

Қарақалпак фольклорын зерттеуші, көрнекті ғалым, бердактанушы, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, филология ғылыминың докторы, профессор И.Т. Сагитов: «Қарақалпақстандағы қазақтар арасында көптеген өнерпаз ақындар, шайырлар, әншілер мен күйшілер, құлақ құрышын қандырган жыршылар болған. Олардың біразы осы күндерде де бар. Бірақ Қарақалпақстандағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілері осы күнге дейін аз жиналып келеді. Қазақстан ғалымдары, ғылыми қызметкерлері алдағы кездері Қарақалпақстандағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға, зерттеуге көбірек көніл

бөлсө екен» [1, 219], – деп еді. Сол «құлақ құрышын қандырган жыраулардың» бірі – Қарасай жырау Қалиұлы.

Өзбекстан, Қарақалпақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, филология ғылыминың докторы, профессор Қ.Максетов: «Нұрабылла (1862–1922) өз заманының ірі жырауы болған. Үлкен жиын, той-мерекелерде сол дәуірдің ірі бақсысы Сүйеумен (атақты түрікмен бақсысы), Қарасаймен (қазақ жыршысы) бірлікте үлкен той-мерекелерді сауған. Олармен үлкен творчестволық байланыста болған» [2, 31], – дейді. Шынында Нұрабылла кім?

«Нұрабылла жырау қарақалпақ жыраушылығының дамуына үлкен үлес қосқан жырау. Одан мирас болып қалған қарақалпақ дастандары, көбизда тарылатын қарақалпақ халық намалары қарақалпақ фольклорында үлкен орын иелейді» [3, 10]. Ол «жырма төрт шәкіртке жыраушылық өнерін үйреткен» [2, 38]. Сол жырмада төрт жырау ішіндегі ең таланттылары Есемұрат жырау Нұрабыллаев (1893–1979), Құламет жырау Үббіұлы (1872–1954), Әбдірасұл Кәлбала (1967–1943), Құрбанбай жырау Тәжібаев (1876–1958) болды.

Нұрабылла шәкірттерінен хатқа түсіп басылым көрген «Қырық қызы», «Шаръя», «Алпамыс», «Қобылан», «Едіге», «Ер Шора» жырлары қарақалпақ эпостық шығармаларының інжу-маржандары болып елге танылды.

Профессор Қ. Мақсетов: «Қобылан» дастанының классикалық вариантарының қалыптасуында, кемелдендірілуінде Нұрабылла жыраудың ролі айырықша болған», – дейді. Және «Жырау үшін Қонырат – Байсын елінің батыры Алпамыстан қарақыпшақ Қобылан кем емес. Бұл дастанды кемелдендіруде Нұрабыллаға қазақ жыршыларының тәжірибесі үлкен көмек берген болса керек. «Қобыландыда» қазақ, қарақалпақ, өзбек деп халықтың атын атау жоктың қасында. Еліміздің көп ұлтты табиғаты жыраудың дастанның мазмұнын осылай құруға итермелесе керек. Шындығында, бұл әдеби мирастарды осы жоғарыдағы халықтардың ата-бабалары бірлесіп шығарған» [2, 39], – дейді. Бұл өте дұрыс. Ол тағы да «Қарақалпақ халқының XIX ғасырдағы көрнекті жырауларының бірі Нұрабылла жырау қарақалпақта ғұмыры сүрген қазактың атакты жырауы Қарасаймен дос болып, одан көп жырлар үйренген, оны өзіне ұстаз еткен» [1, 251], – дейді. Демек, Қарасай Нұрабылла жырауға «көп жырлар үйресте, ұстаздық жасаса», мұндай жағдайда қарақалпақ жыраулық мектебінің қалыптасуына және қарақалпақ халық эпостарының жырланағып, дамып кемелденуіне Қарасай достық, шығармашылық үлесін қосқан деп толық айтудыңизға болады. Қарасай (1848–1926) туралы негізгі мәлімет деректерді біз Нұрабыллаев Есемұрат жыраудан, Жақсылық Төлепов (1905–1972) жыршыдан Ешан Хошниязұлынан (1890–1974) хатқа түсірдік. Жыраудың кейбір үзінді өлеңдерін немере жиені Қартбай Қылышұлынан жазып алдық.

Қарасай Қалиұлы 1848 жылы Манғыстау аймағының Саматай деген жерінде дүниеге келген. Қарасайдың 5–6 жастар шамасында үй іші Қонырат ауданындағы «Қызыл жар» мекеніне көшіп келеді. Қарасайды ән мен күйге, жырға жастайынан баулыған.

Қалидың өзі домбырашы, әнші, серілеу жігіт болған екен. Қарасайға домбыраны өзі үйреткен. Ол ел ішіндегі ән, күй, термелерді зердесіне құйып, әрі жаттап өседі. Құй мен термешіліктің, толғаудың бірбіrine жуықтық сирін ұғынады. Әншілік өнеріне біршама жақындейді. Қарасай есей келе Ақкіз Ерман жыршыларға шәкірт болып ереді. Олардың айт-қыштық, термешілік жолын игереді. Үйренгендерін репертуарына тұрақтандырып, өрісін кенейтеді Қарасай бұған місі тұттай, атакты жырауларға шәкірт болып, белгілі жыраулар мектебінен өтуді армандаиды. Оның сол арманы Хорезм ойпатына аты шықкан, даңқты жырау Дүйсенбайға әкеледі.

Фольклортанушы Қ. Айымбетовтың «Халық даналығы» кітабында Дүйсенбай туралы 1860–1913 жылдар ортасында жасаған деген мәлімет бар. Ғалым жасаған Қарақалпақ жырауларының генеология-шежіре кестесінде Дүйсенбай Жиен жыраудың тәрбиесін алған шәкірті сипатында да көрсетілген [4].

Артық Каримов Жиен жыраудың шығармаларын «Поскан ел» атауымен шығарған еді. Ол: «Көрнекті халық шайыры қоюм жырауы» тақырыбында жазған кітабының алғы сөзінде «Жиен Амандақұұлының туылғанына биыл 250 жыл толады. Шайырдың алтын мерей тойын жүртшылығымыз кен түрде белгілемекші. Осы атамалы күнгө байланысты оның халық аузынан масақтап жинап алған шығармаларын толықтырып, қайыра баспаға ұсынып отырмыз» [5], – деген.

Артық Каримовтың анықтауында, Жиен жырау 1730–1784 жылдар аралығында өмір сүрген. Жиен жыраудың 250 жылдығы бір жыл кешігіп аталағында өтілді. Бұл 1981 жыл еді. Юбилейге орай Н. Дәукараев атындағы Тарих, тіл және әдебиет институтында өткізілген ғылыми-теориялық конференция Жиен 1730–1784 жылдар арасында жасаған деген токтамға келді.

Қарасайдың атакты жырау болып қалыптасуында, халық шығармаларын дамытып жырлау тәсілін үйренуде Дүйсенбайдың енбегі көп сінген.

Есемұрат жырау Нұрабыллаевтың айтудың қарағанда, елу жастар шамасындағы Дүйсенбайға Қарасай шәкірт болған. Бұл – Дүйсенбай дарынының кемел, толықкан шағы. Ол алғыр, зейінді Қарасайға жырды сөзбе-сөз жаттаттырмай, эпостық шығармалардағы басты сарындар жүйесін, сюжет құрайтын бөлімдердің ретін, тартыс қандай сөздер мен оқиғалардан басталатынын, тартысты баяндайтын жыр жолдарын есінде толық, әрі жүйелі ұстауды, көnlіне тоқуды талап етеді. Және оқиғаға қатысты, адам характерін сезімталды баяндау, суреттеу үшін

сөз сырын ұғыну қажеттігін зердесіне құяды, әрі өзі шығарып, әрі өзі жырлап, улғі көрсетіп ұғындырады.

Ақындығы бар Қарасайға Дүйсенбай мектебі ұнайды Дүйсенбай Қарасайға жыр сөзіне мән беруін, оқиғаның дамуын айшықтайтын әуездің маңызын байқатады. Ол Қарасайдың жыршылығы, орындау шеберлігі, жырды дамытып жырлау мүмкіндік қасиетіне толысқан шағында 25–26 жастар шамасында өз алдына ел арасында жыр толғауы үшін рұқсат батасын береді.

Шәкірт ұлken жырау мектебінен кемелденген өнер иесі болып шығуы үшін аз уақыт жұмсамаса керек. Жыр, әуез, жырды айтып жеткізу, сюжеттік желіні еркін игеру, жырлау, жырдың айтпақ мақсатын білу үшін жас жыршы бұл мектептен ұлken сабак алады.

1969 жылы 13 тамыз күні Қабыл Мақсетов, Жалғасбай Хошниязов, Қалбай Мәмбетназаров және осы жолдардың авторы Есемұрат жыраумен сұхбаттасып, Қарасайдың қанша жасағанын сұрапанда «Қарасай атам 78 жасында, барыс жылы қайтыс болды», – дейді. Сыр жылы 1925, ал 1926 жыл барыс жылы болып шығады. Сонда есептей келгенде, 1848 жыл Қарасайдың туған жылы шығады. Егер Дүйсенбайды 50 жастарында 20 жасар Қарасайды кездестіре десек, Дүйсенбай 1818 жылы дүниеге келген болады. Демек, Дүйсенбай Жиеннің шәкірті емес. Есемұрат жырау да Дүйсенбай тураулы мәліметті түптең айтып бере алмады. Сондықтан, жырау-жыршылардың генеологиялық шежіре кестесін жасағанда нақты мәліметтерге сүйенген дұрыс.

Қарасай Дүйсенбайдан «Қобыланды батыр», «Қалмамбет», «Алпамыс» және «Мұракұр» сияқты әпостық жырларды үйренген. Ол жырларды репертуарында берік сактаған. Ақын-жыраулық тәжірибесі кемеліне келгенде аныз-ертегілерді өлең-жырлармен жырлап, баяндалап кете беретін деңгейге дейін биіктеген.

Жырау-жыршылар достығы, шығармашылық байланысы жеке адамдар арасындағы сыйластық болып қалмастан, ұлттар достығымен ұштасады. Себебі әрбір елдің мәндай тірер азаматы – сол елдің мактандыши. Сол мактандыштар лебізі сол ұлттың лебізі болып қалады.

Нұрабылла мен Қарасайдың достығы шынайы көнілмен жалғасқан достық болып табылады.

Оны Қарасайдың Нұрабыллаға айтқан терме сөзінен көргуге болады:

Одан әрі сұрасаң,

Жалбарынып құдайға,  
Бейбіт өмір сұраган.  
Жеріне келген дұшпаннаның  
Қанын судай ағызған.  
Мойындарын бұраган.  
Кара қышпақ Қобыланды айт.  
Бәрін айт та, бірін айт,  
Ел қорғаған ерлерді айт.  
Ерлердің ерлік жырын айт.

Нұрабылла мен Қарасайдың арасындағы туысқандық, достық қарым-қатынас, шығармашылық байланыс әріптестер ортасында талайлардың қызғанышын ояткан. Олардың кейбірі екі алыптың достық жібін үзіп, мағырып пен машырыққа бөлініп кетуіне ықпал етпек те болған. Кемел жырдан нәр алған жыршылар қызғаныш, өсек сөздердің ықпалында кетпеген. Бір кездесіп қалғанында Қарасай домбырасын Есемұратқа қорабынан шештіріп алып Нұрабыллаға:

Достық деген даңғыл жол,  
Тап бола бермес әр кімге,  
Қашық жолда жүрерге.  
Тұрақты туган ер керек,  
Нар жігіт берік ұстаган,  
Достық жібі үзілмес.  
Жақсы тілек кесілмес.  
Баянды болса достығың,  
Құламайтын тұғырың,  
Баянсыз болса достығың,  
Ошқені дей бер шырағың,  
Ел бұзар сөзге жолама,  
Нұрабылла бауырым.  
Зерделі болса құлагың,  
Алтын алма, алғыс ал,  
Халқынан саған асыл сөз,  
Достық деп соқсын жүрегің,  
Өсіметім, шырағым!

– дегіл. Нұрабылла да қыл қобызды құніренте тартып, ой мұхитына тереңдеп отырып:

Айтқанда сөз Сіз аңсадым,  
Құлақты қойып тыңдадым,  
Асылы жаман адамның.  
Мақсаты болар жамандық,  
Достарды құрттар арамның,  
Болмасын жолы әрқашан.  
Жақсылық жолын тілеген,  
Халқынан сөзі өзімде,  
Достық жырын айта бер,  
Қарасай аға, өзің де  
Тілегің қабыл болсын да  
Үрпагыммен өзің де, – деген.

Жыраулардың достығы – халықтар достығына жол бастайды. Себебі, халықтар достығы жақсы кіслердің достығынан, қарым-қатынасынан бастау

алады. Сөзі құдіретті кісілер халықты қалай тәрбие-лесе, халық сол бағытқа қарай ыңғайласып бейімделеді.

Қарақалпақ аймағы қазақтары ақын-жырау, жыршылары репертуарында «Адай Қарасайдың қүй», «Қарасайдың терме жолы», «Қарасайдың жыр жолы» бар. Қарасайдың заманында тартқан домбырасы жиен қызынан туылған Қартбай Қылышұлы (1930) қолында сакталған.

Қарасайдай қадірменді жыраулардың тағы бірі – Амантұрлы жырау (1872–1938). Ол қазакқа да, қарақалпаққа да тел жырау болған. Домбыраны да, қыл кобызды да тең игерген. Ол қазақ болғанына қарамастан (Әлім, Шекті, Баубегі, Жанқылыштың Соқыры) қарақалпақ тілінде де жыр жырлаған. Мойнақ ауданының Махат-Шолпан деген жерінде дүниеге келген. Мойнақ, Шымбай, Қонырат ауданы атырабындағы қазақ, қарақалпақ, аралдық өзбектерге танымал болған.

Амантұрлы жыраудың екі ұлт өнерін игеруі оны достық жыршысы ретінде танытты. Өмірінің сонына дейін «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» және халық толғауларын қос тілде жырлаған.

Ақын, жырау, жыршылар әдеби мұрага рухи байлық сипатында қарған ыем оларды қастерлеген, халыққа насиҳаттап айтқан.

Жұмағали Сағынбаев (1876–1945) дәүір шындығын мол қамтыған. Ол жыршылық өнерін дамытумен бірге, ақындық өнерге де қадам басады. Шығармаларының көбі достық бауырластық, жолдастыққа арналған. Жеке достыктан халықтар достығына дейін дәріптеуді мұрат тұтқан.

«Қарақалпақ мекенім, өзбек, қазақ, түрікмен

ұлдары бір атанаң» десе, тағы бірде «Достық» термесінде: «Біздер аға-ініміз, бірге тірлік қуніміз, куанышка қуанып, бірге қайғы-мұнымыз», – дейді. Арапас отырған халықтары азamatтары бас-тас боп, сыйлас боп, үй іштері «тұз алады, тұз беріп, қыз алады, қыз беріп, достық туыскандықтан басқаны біз сөзбедік», – деп тағдырды тағдырға жалғаған.

Өзбекстан халық жыршысы, Қарақалпақстан халық шайыры, Бердак атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Садық Нұрымбетов (1900–1972) Алматыға келген бір сапарында:

Сұрасқанда тұбіміз бір ағайын,  
Корікенде түріміз бір ағайын,  
Сөйлескенде тіліміз бір ағайын, –

деп айтқанды. Қорыта келгенде, тұбі бір, түрі бір, тілі бір түркі халықтары әдебиетінде, оның сөз өнерінде жырланған достық тақырыбы достыққа, бірлікке, туған Отанымызды, түркі дүниемізді терең сүюге тәрбиелей алатын өнегелі өлеңдер, ойлы пікірлер болып қалатыны сөзсіз.

### ӘДЕБИЕТ

1. Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы: Ғы-лым, 1973. 313 б.
2. Мақсетов Қ. Қарақалпақ жырау-бақсылары. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1983. 208 б.
3. Мақсетов Қ. Дастандар, жыраулар, бақсылар. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1992. 348 б.
4. Айымбетов Қ. Халық даналығы. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1968. 260 б.
5. Каримов А. Жиен жыраудың өмірі ыем творчествосы. Нөкіс: Қарақалпақстан, 1981. 88 б.